

22 маусым,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ҚҰТТЫ БОЛСЫН МЕЙРАМЫҢ, АСЫЛ ЖАНДАР!

МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ АДАМ ЕКЕНІ ДАУСЫЗ. АЛ, ӨРБІРІМІЗДІҢ АМАН-САУЛЫҒЫМЫЗДЫ БАҚЫЛАЙТЫН АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР. ДӘРІГЕР БОЛУ ҮШІН БЕЙІМДІЛІК, ИКЕМДІЛІК, ҚАБІЛЕТТІЛІК ҚАСИЕТТЕРІ АЗДЫҚ ЕТЕДІ. ДӘРІГЕРДІҢ СОНДАЙ-АҚ, НАУҚАС АДАМНЫҢ СЕНІМІН АЛА БІЛУ, ОЛ АДАМДЫ ӨЗІНІ АУРУЫМЕН КҮРЕСТІРЕ БІЛУ МАҢЫЗДЫ.

халатты абзал жандарына арнайы алғыс хаттарын табыстады. Одан кейін науқастарға медициналық көмек көрсетудегі рақым, жақсылық және көсіпқойлығы үшін аудандық орталық аурухананың күндізгі стационар мейрбикесі Гаухар Асаубаева мен Манар Баймуханова «Мейірім» төс белгісімен марапатталды. Өрі қарай ауданның денсаулық сақтау саласына кеңірек тоқталған Ойыл аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері бірқатар тәжірибелі дәрігерлер мен мейрбикелер омырауына «COVID-19» пандемиясы кезінде қажырлы еңбегі үшін медалін тақты. Өрі қарай Дүниежүзілік мейрбикелер күніне орай «Сенім» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық көсіптік одағы Республикалық Қоғамдық Бірлестігі Ақтөбе облыстық филиалының алғыс хаты Рита Майлановаға берілсе, Облыстық кәсіподақтың ұйымдастыруымен өткен байқауда Ең провизор» номинациясымен Клара Кадирова марапатталды. Оған қоса өрбір мекемелерден алғыс хаттарын алған дәрігерлер



Осы орайда өткен аптада аудандық мәдениет үйінде Медицина қызметкерлері мерекесіне орай мерекелік шара өтті. Ауыр дертке шалдыққан өрбір адамға қолдау білдіріп, адам өміріне араша түсіп жүрген жандарға арналған мәдени шарада ауданның ақ халатты абзал жандары алғыс пен марапатқа кенелді. Өрбір медицина қызметкерлері мерекелік марапаттан кенде қалмады. Айтулы шараға арнайы қатысып, «Дәрігер науқасты сырқатынан арылтушы ғана емес, ол дер кезінде күш беретін, етеңгі күніне сендіретін болашағына батыл қадам жасауға ықпал етуші құдіретті күш иесі. Гипократ анттын қабылдап, қай кезде болмасын ардайым сенімділікті сақтайтын асқан шеберліктің иесі, адам жанының арашасы болып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі жолдауында денсаулық сақтау саласына ерекше мән беріп келеді. Себебі қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Осы орайда елімізде жылдан жылға аталмыш саланы қаржыландыру көлемі артып, денсаулық сақтау саласын дамыту тұрғындарға заманауи қол жетімді және медициналық қызмет көрсету жолында барлық мүмкіндіктер жасалуда. Сондықтан осы күнді адам



тәнінің қиналысы мен қасіретін жүрегімен сезіне білетін денсаулық сақтау саласының барлық қызметкерлерін, дәрігерлер мен мейрбикелердің ерен еңбегінің дүйім жұртшылықпен бағаланатын күн деп айтуға болады.» деп барша медицина қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаған аудан әкімі Асқар Қазыбаев ауданның ақ

арасында Ойыл аудандық емхана меңгерушісі, эндокринолог дәрігері Күләнде Досова «Ең үздік дәрігер» атанды.

Ақ халатты абзал жандарға алғыс пен құрмет арналған кешке аудан өнерпаздары өсем өндерімен үн қосты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯНЫҢ КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСЫ ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ БАҒЫЛУ ТӘРТІБІН ТҮСІНДІРУ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНҒА ҚАРАСТЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРДЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ, БЮДЖЕТ, ХАЛЫҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ САЛА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯСЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСТАРЫ ӨТКІЗІЛДІ. САРБИЕ, ҚАРАОЙ, КӨПТОҒАЙ, ҚАРАТАЛ, САРАЛЖЫН, ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНЕ АРНАЙЫ ІС-САПАРМЕН ШЫҚҚАН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ УСЫНЫС-ТІЛЕКТЕРІН ТЫҢДАП, ӨЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН БАҚЫЛАДЫ.



Көшпелі тұрақты комиссия отырысына аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин, аудандық мәслихат депутаттары мен аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімінің өкілі қатысты.

Күн тәртібіне қазіргі таңдағы өзекті мәселелер болып отырған Ақтөбе облыстық мәслихатының «Ақтөбе облысы бойынша ауыл шаруашы-

жануарларын күтіп бағу жұмыстары болып отыр. Сондықтан осы жұмыстардың тиянақты жүзеге асыру үшін ауыл тұрғындары арасында түсінік жұмыстары жүргізілуде.

Осы орайда өткен аптада аудандық мәслихат депутаттары Саралжын ауылдық округіне қарасты елді мекендерді аралап, ауыл тұрғындары мен шаруа қожалықтарының иелерімен

қожалығының төрағасы Спартак Төрмұратовпен жүздесіп, шаруаның жұмысына сәттілік тіледі.

Саралжын ауылдық округі бойынша екі бағытта мал күтімі ұйымдастырылған. Алайда жайылымдық жер аздық етуде. Кезінде жер телімдері ауыл маңынан жеке шаруа қожалықтарға берілген. Сонымен қатар Шопан ата төлін ауылдың сыртына бағуды



лығы жануарларын жаюдың қағидаларын бекіту туралы» және «Ақтөбе облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарында жасыл екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың Қағидаларын, абаттандырудың Қағидаларын бекіту туралы» шешімдерінің орындалуы туралы мәселелер енгізілді.

Аталған шешімдердің орындалуы туралы тиісті ауылдық округтердің өкімдері мен аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторлары хабарламалар жасап, тұрақты комиссияның қаулылары қабылданды. Қазіргі таңда өзекті мәселеге айналған проблемалардың бірі үй

пікір алмасты. Тарқатып айтсақ, алдымен «Тәжібай-АГРО» ЖШС-нің директоры Абыл Сатаевпен арнайы тілдесіп, шаруашылық жайында еңгіме өрбітті.

Одан кейін Тайсойған елді мекеніне жүргізіліп жатқан ауыз су құбырының жұмысын бақылап, ауылдық клубтың ағымдағы жөндеу жұмыстарының жай-күйімен танысты. Ауылдардың тыныс-тіршілігін басты назардан тыс қалдырмаған аудандық мәслихат депутаттары Шиқұдық елді мекеніне де арнайы барып, ауыз біршіліктегі ауылдың жайына қанық болды. Сонымен қатар қара жерге түйірлеп дән сеуіп, табыс табудың тыңғылықты тәсіліне көшкен «Спарта» шаруа

ұйымдастыруды көздеп отыр. Өйткені қой тұяғы жерді тоздыруда. Мал азығы бойынша өкімшілікке қарасты 5 мың гектарға жуық жер бар. Округ өкімінің айтуынша шаруа қожалықтарға 2000 түйектен мал азығы қорын жасақтау жұмыстарын жандандыруға түсінік жұмыстары жүргізілуде. Малды күтіп бағу үрдісі мардымды. Ағымдағы жыл ішінде округте ауыр қылмыс пен мал ұрлығы тіркелмеген. Тазалық жұмыстары да тиісінше атқарылып жатқаны байқалады. Бұл округке қарасты барлық елді мекендер тап-таза. Жарықтандыру жұмыстары да көңіл қуантады.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Саралжын-Ойыл.

ЖАСТАРДЫ ЖАТ АҒЫМНАН АУЛАҚ БОЛУҒА ШАҚЫРДЫ



Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің мемлекеттік өлеуметтік тапсырысы бойынша «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатында Республикаға танымал теолог мамандарды тарта отырып аудан көлемінде

ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу және дәстүрлі емес діни қозғалыстағы азаматтармен профилактикалық жеке кездесулер ұйымдастыру» мақсатында «Аңсар» кеңес беру-оңалту орталығының теологы Дастан Ұзақбаев ауданымызға кезекті сапа-

рымен келіп, жастармен арнайы кездесу өткізді.

Кездесу кезінде «Испам діни заңға, тәртіпке қарсы шықпайды», деген Дастан Ұзақбаев діннің дұрыс бағытын ұстану үшін интернет арқылы немесе бәз біреулерге еліктеу аса қауіпті екендігін ескертіп, тікелей жергілікті жердегі мешіт имамдарымен кеңесу керектігін айрықша атап өтті. Әсіресе мектеп бітіретін оқушыларға кез келген теріс идеологияның ықпалына еріп кетпеуі үшін абайсызда салафиттік ағымға кіріп адасып жүрген жастардың өкініштерінен мысалдар келтіре отырып, кеңірек мөлiмeт берді.

Өрі қарай, Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрлан Атағалиев жастарды терроризм, экстремизм және ислам дініне байланысты көкейкесті сауалдарын қоюға ұсыныс жасай отырып, жаңадан мектеп бітіріп қалаған енді ғана қадам басқалы отырған жастардың өзге ағымдарға ілесіп, қоғамға жат әрекеттерімен қателікке бой ұрып алмауға шақырды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

Газетке жазылу - 2021

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2021 жылдың II жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты	6 ай
65525	Жеке тұлғаларға	2834,86
66525	Заңды тұлғаларға	4514,86
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	2354,86

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)

Ойыл 100 Жылы

Кіші жүздің шекті, төртқара, қаракөсек, шөмекей, кете, алаша, шеркеш, таз, ысық, адай, беріш, есентемір, маскар, қызыл-құрт, жаппас, байбақты, тана, жағалбайлы, табын, тама, кердері сияқты руларынан елу үш белді, белгілі адамдар қол қойған, Нұралыны хандық биліктен тайдыруды талап еткен хат қолына тиісімен Игельстром 1785 жылғы шілдеде Екатерина II патшайымға дереу хабар жөнелтті. Қасындағы ақылшыларының бірі Мұхамеджан Хұсайынов ахун есептегендей, Кіші жүздегі басқа жүз сексен бес старшынынның қолы қойылмағанына қарағанда, Нұралы ханға іш тартатындар да аз болмағаны ғой. Не

өлкені хан арқылы емес, патша өкімшілігі арқылы билеу жөніндегі империялық ұстанымына дөп келді де, ол осы саясатты жүзеге асыру үшін ештеден тайынған жоқ. Жиырма бірінші қыркүйекте Елде бекінісінен жүз шақырымдай жерге, Жіңішке өзенінің бойында өткен старшындар жиналысында Нұралы ханның айналасы жалаңаштанып, Сырымның жақтастары күшейе түсті. Старшындар Сырымның пайдасына негізгі екі мәселені — жүздегі ұйымдық билік және қысқы қоныстарды кеңейту мәселесін талқылады. Жиналыс генерал-губернаторға Нұралы ханды орнынан алу және жүзді басқаруды

іздеді. Сондықтан билер мен старшындар жиналысы Нұралы ханды орнынан алып, патша үкіметімен дұрдаз саясат ұстанатын Қайып сұлтанды хан сайлау жөнінде ұсыныс жасады. Жиналыс аяқталғаннан кейін старшындардың өкілдері осы ұсыныстарын бекіттіру үшін барон Игельстром бұлу және ер «орданы» билейтін старшын сайлау жөніндегі ұсыныстарды мақұлдады. Алайда, Қайып сұлтанды хан сайлау жөніндегі ұсынысқа келгенде, ол үкіметтің құзырындағы шаруа, пікірлеріңізді патшайымға жеткізіңіз деген жауаппен шектелді. Шынында да Игельстром старшындардың Қайып сұлтанды хан сайлауына келетіні жөніндегі ойларын II Екатеринаға хабарлады, бірақ жеке өзі осы мәселеде съезд қаулысын

ұстанған жолдан тайды немесе солқылдақтық көрсетті деп ойлаған кезде оған ашық қарсы шыққан Тіленші батыр, Қаратау би, Қарабөбек би, Дөнен батыр, Сыпыра би сияқты дала қайраткерлерінің сол кезеңнің ауыр жүгін қабырғалары қайыса жүріп көтерген «қара нарлар» екеніне көзің жете түседі. Аумалы-төкпелі замана лебінің бір-бірімен жауыққан екі жақты да, кейде екі қиырдан келіп қосылып бір арнаға түсуге амалсыз итермелеген сәттері аз болған жоқ. 1786 жылдың жазында Сырым хан тұқымы Айшуақ сұлтанды (ол Нұралы ханмен бірге патша үкіметінің күзетінде еді — С.Б.) жүзге қайтаруды өтініп, генерал-губернаторға хат жазды. Мұндай өтінішті (Айшуақ сұлтанмен бірге Нұралы ханды да — С.Б.) Ералы сұлтан да жіберді. Сексенінші жылдары Айшуақ

өтетіні болжай білген, сонымен бірге «сұңғыла» саясатшы старшындардың үлкен тобына ықпалды Қайып сұлтанмен де келіссөз жүргізе бастады. Генерал-губернатордың ішке тарта, мейлінше сақтықпен жасаған ер қадаммен старшындардың белгілі бір тобы да «салқын қанды» көңіл сүзгісінен өткізіп отырды, күштінің «құрығына» құлай кетпеді. Оны мынадан көруге болады. «Бөлшектел билеу» реформасы көкейінен кетпеген Игельстром, II Екатерина патшайымның қолдауымен 1786 жылғы қыркүйекте старшындар съезін шақырды. Съезге қатысушылар Шекаралық сотты ұйымдас-тыруға келісім білдіргенімен, генерал-губернатордың жергілікті ру өкімдерін (расправ) сайлау жөніндегі ұсынысын қабылдамай тастады. «Оның пайда-лығы екеніне дауымыз жоқ, бірақ Орда-

жиырма төрт мыңдай халық тұрады, ендеше аталған биге қазіргі екі Ойыл ауданының тұрғыны ерген. Оған қазіргі ақшаға сүйенген қазақ пен сол кездегі малға сүйенген қазақтың қанша малды айдап өткеніне зер салып көрейік. Хан өулетінің белгілі тұлғаларының бірі С.Жантөрин «Очерки киргизского коневодства» деген еңбегінде 1879 жылы Орал облысы аумағында тұратын ер адамға шамамен 1,9 жылқыдан келгенін айтады (53.51). Сонда тек бір Қаратау би ертен көштің өзі, түліктің басқа түрлерін есептегенде, жүз мыңдай жылқысын Жайық бойына айдаған ғой. Барон Игельстромды осындай «жақсылық жасауға» көндіре білген «дала қайраткерлерінің» беделі мұндайда өзінен-өзі күжірейіп шыға келеді. Сонымен бірге Аштарханның обер-коменданы А.О.Базиннің граф

ҚОЛАМТА ҢӘМ ҚОРАМСАҚ

істеу керек? Елу үш пен жүз сексен бестің арасы, былай қарасаң жер мен көктей. Бірақ алғашқыларының ел арасындағы беделі ойланпай қоймайды. Хатқа қол қойғандардың арасындағы, Сырым Датұлын айтаған-

мүлдем жаңа негізде құру туралы өтініш білдіру жөнінде шешім қабылдады. Жүз «Басты орда» деп аталған үш бөлікке — Байұлы, Жетіру және Қаракөсек ордаларына бөлінді. Әр орданы билеуге халық арасында

бекітуге қатысты ешқандай ұсыныс берген жоқ. Сондай-ақ, генерал-губернатор старшындардың Жайықтың сол жағалауына қоныстану жөніндегі өтініштерін қанағаттандырды. Қазақтар мен орыс көпестерінің қатты қарсылығына қарамастан, он жеті старшын патша генерал-губернаторының құзырымен Жайықтың сол жағалауын қыстауға рұқсат алды. Фасырлап азаттық рухымен күй кешкен, «мың өліп, мың тірілген» қазақтың ер күні ертені үшін осылайша айқас, арпалыспен өтіп жатты.

Қаратау би және басқа старшындар «қоныс алдым» деп жұбана қалған жоқ, патша ағзамға адал қызмет ететіндерін ескерте отырып, халықтың Нұралы ханға деген ашу-ызасын да ашық айтты. «Ханды ішкі өлкеден өкелтіңіз, өйтпесе оның қауіпсіздігіне жауап бере алмаймыз» деді. Тайсалмай, табанды мінез танытты. Генерал-губернатор «жабайы қазақтармен» терезесі тең адамдардай сөйлесу қажеттігіне, Сырым Датұлы бастаған көтерілістің бұқаралық сипатының тереңдігіне тағы бір көзін жеткізгендей болды.

1785 жылғы 27 қарашада II Екатерина өзінің арнаулы хатымен (рескрипт) Игельстромның барлық ұсыныстарын мақұлдады. Патшайым көптеген рубасылардың ханнан іргесін аулақ салуының пайдалылығын көрсете келе, Игельстромға дегенмен ханмен және оның одақтастарымен кездесуді, олардың патша өкіметіне деген ой-пікірін тағы бір тексеруді, ханды тағынан тайдыру не тайдырмауды сонан кейін шешуді тапсырды. Сөйтіп, Кіші жүздің біраз шаңырағы малын қыстаып шығуға айтарлықтай жеңілдік алғанымен, жүзді басқарудың кілті бөрібір шешілмей қалды. Нұралы өзiрге, патша өкімімен хан тағынан босатылған жоқ, бірақ иелігіндегі халқы үшін оның хандық тәжінің құны «көк тиян — қара бақырдай» еді. Ақыры ол Калмыков бекінісіне барып тығылды, ал оны алмастыратын, айқындалған билік құрылымы болған жоқ. Кіші жүз халқының саяси басшылығы тығырлыққа тірелді.

Дөп осындай өліара кезеңді сөтті пайдаланғысы келген генерал-губернатор қазақ жерін бөлшектел басқарудың кезекті қадамын жасады. 1786 жылғы 10 мамырда Сыртқы істер алқасына Орынбордағы Шекаралық сотқа қосымша ер руды, яғни Әлімұлын, Байұлын және Жетіруді жеке-жеке басқаратын соттар құруды ұсынды. Баронның ойынша, ру сотын сол рудың белгілі адамы басқаратын, оған екі-екіден беделді билер және істі қағазға түсіретін бір-бірден молда көмектесетін болады, бірақ олар шекаралық комиссияға бағынады. Демек, қазақтарды билеу, айналып келгенде, патша өкімшілігінің қолына көшеді, рулық соттар сол патша өкімшілігінің қолжаулығына айналады, старшындардың хандық билікті сақтауға тырысуының еш сәкеттігі жоқ, хан және оның кеңесі Шекаралық соттың жанындағы атқарушы билік ретінде пайдаланылады. Сонымен бірге ол бодандыққа бас идірудің тиімді жолдарының бірі — олардың рухани жан-дүниесіне ықпал ету, далалықтар арасында «ел сөзін ұстайтындардың» балаларын оқытатын мещіттер мен мектептер салу деп түсінді. Мұндай ойды 1763 жылы Орынбор губернаторы Д.Волковта көтерген еді, енді, міне, оны Игельстром қайта қозғады.

Кіші жүз жеріне жайыла ену, дәлірек айтқанда империялық жаншудың іргетастарын қалау, бекіністер салу туралы да ұсыныстар алға тартылды. Араға бір ғасыр салып, Кіші жүзде бұл ұсыныстардың барлығының да жүзеге асқаны белгілі. Ал ол кезде мұндай астарлы саясатты жергілікті қара қазақ қалай қабылдады? Оның пайдалы жақтары мен зиянды салдарының аражігін ажыратып, соған орай өрекет ету оңай болмады. Сондықтан Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз, Жайық бойы, бүкіл Кіші жүз қазақтары да тек ашулы қимыл, қарулы қақтығыс жолымен ғана емес, бөтуаласу, қазіргі тілмен айтқанда бітімгершілік жолымен тиімді шешім қабылдауға күш салды. Ондай қадамнан үміт үзілген кезде, бір Аллаға сиынып атқа қонудан қашақтамады. Ақылға бай, омы келелі, тілі өтір, шешімге тапқыр және батыл да батыр міннезі Сырым Датұлы басқа түскен ауырталықтан алып шығады деп сенді. Тарих қойнауына енген сайын Сырымды қиын сөтте қолдап, өз басына төнген тікелей қауіпке қарамастан, ол үшін өмірін құрбан етуге дайын тұрған, ал Сырым

сұлтан мен Нұралы хан арасында дұрдараздық қалыптасқанын, тіпті сұлтанның ұлдары Алақ пен Жантөренің 1785 жылы көтерілісшілер қатарында болғанын Сырымның жақтаушылар өз мүдделеріне пайдаланғысы келді. Жүзге оралған жағдайда ол Нұралы ханның қайтадан хан тағына отыруына қарсы күреседі деп ойлады. Ал 14 тамызда жүз алты адамды ертіп Ералы сұлтанға қосылуға келе жатқан Есім сұлтан, оның қасындағы Әтеулі, Абдолла және Жоламан старшындар Сырымды тұтқындап, Ералы сұлтанның қолына өкеліп тапсырды. Ол Сырымның қолына кісен салып, Нұралы хан жүзге қайтарылғанға дейін босатпаймын деп, оны қамауда ұстады. Әтеулі болса көтерілістің алғашқы кезінде Сырымның ең жақын қаруласы болған төртқара Қаракөбек бидің руласы және бұл кез Қаракөбек бидің сұлтандар тобының ықпалындағы кезі еді. Сырым хан осы бидің ауылында тұтқында ұсталды. Көтеріліс басшысының тұтқындалуы өлкедегі тынышсыздықтың қайтадан күрт белең алып кету қаупін тудырды. Бұған алаңдаған Сеітбай, Тормамбет билер, Әбділхалел қожа, Көккөз би, Шүкірәлі, Барақ батырлар, Доса, Мұрат, Қаратау, Сыпыра билер өз таңбаларын басып, барон Игельстромға Сырым батырдың тұтқындалғанын, бірақ өздерінің патша ағзамға адалдығынан айнымайтындығы туралы хабар жіберді. Сонымен бірге Сырымның мөрі өзімен бірге болғандықтан, оны қарсы жақтың тартып алуы немесе күш қолдануы арқылы өздерінің теріс ниетіне пайдалануы мүмкіндігін айтып, батыр тұтқында жатқан кезде оның атымен жазылған ешбір хатқа сенбеуін өтінді.

Старшындардың өмірлік мұқтажынан гөрі, бодандықты бекіту реформасының тұйыққа тірелуінен сенкенген барон 1786 жылғы 19 тамызда Ералы сұлтанның Нұралы хан мен Айшуақ сұлтанды Ресейден жүзге кері қайтаруды сұраған өтінішіне жауабы және Сырым батырды тұтқынан босатуы туралы хатында: «Сіз, жоғары мәртебелі сұлтан, өз хатыңызда маған Сырым батырдың өзі келді және менімен келісетінін білдірді деп хабарлапсыз; осыған қоса Сіздің есіңізге

ның кендігіне, рулардың өріс қуалап көшіп жүретіндігіне байланысты, тек үш жерде осындай өкім тағайындау аздық етеді, ол ер руда болуы тиіс. Бұл мәселеде ортақ шешімді Сырым келгеннен кейін қабылдайық», — деген тоқтамға келді. Жетірудің үш рұндына ғана, атап айтқанда табын, тама және кердері руларында ғана сайлау өтті. Табын руына өкім болып Тіленші батыр, оған көмекші болып сол рудан Жәнібек батыр мен Құдайберген, тама руына өкім болып Жанболат батыр, оған көмекші болып Тоқабай мен Балдырған, кердері руына өкім болып Тілеп старшын, оған көмекшіге Татақбай батыр мен Қаржау батыр сайланды.

Шекаралық сотқа да сайлау өткізілді. Бірақ оның құрамы санаулы күндер өтпей-ақ қайта өзгерді. Ол осы жаңа құраммен өз жұмысын 1786 жылғы 3 қазанда Орынборда бастады. Алайда, мұндай соттың далалықтар арасында онша ықпалды болмайтыны өп дегеннен-ақ сезілді. Соттың құрамында белді рулардан, айталық қозғалыстың бел ортасында жүрген шекті немесе байбақты руларынан бірде-бір адам болмады. Сондай-ақ ықпалды билер мен батырлар да мұндай құрамнан сырт қалды. Мысалы, Сырым батырдың оң қолы — қабырғалы Қаратау бидің де сот құрамына енгізілмегенін М.Вяткин ерекше атап көрсетеді. Старшындар съезінің өз деңгейінде өтпегенін Орынбордағы патша өкімшілігі де білді. Игельстромның адъютанты полковник Гранкин «судьялардың құрамы талапқа мүлдем сай келмейтін адамдардан сайланды», — деп жазды. Барон Игельстромның, өзі кейін «Түсініктемесінде» мұны мойындады.

Дала қайраткерлері съезд өтісімен-ақ өздерінің өмірлік талаптарын Шекаралық соттың алдына тартты. Ең өткір мәселе, өрине, бұрынғысынша, жайылым мәселесі еді. Енді олар қыстап шығу үшін тек бес жатқан жерлерді ғана емес, иеліктері жерлерді де сұрай бастады. Патшаның 1782 жылғы Жарлығына сәйкес, мұндай жерлерге малды тек шарт бойынша айдап апаруға болатын еді. Осы Жарлыққа сүйеніп, Игельстром старшындардың өтінішін қанағаттандырды.



да, Уфа мен Симбирскінің билеушісі мен шекара комиссиясына, тіпті ұлы мәртебелі патшайымның өзіне толасыз арылған арыс-шағымдар арқылы танымал билер — Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз жағалауларын, Қарабау, Көкөзек жондарын мекендеген кете руының атақты Көккөз би, шеркешті Тормамбет би, төртқараның Қаракөбек, Ысықтың қабырғалы Қаратау би, маскар руының Дөнен батыры, табын руының Тіленші батыры және басқаларының ерқайысы қол бастап, табан тіресе айқаса алатын тұлғалар (63.185). Сондықтан, генерал-губернатор үкіметтен «...билік басындағы ханды қолдаймыз ба, өлде олардың ісіне араласпай өліптің артын бағамыз ба?» — деп сұрауға мәжбүр болды.

Барон Игельстромның осынау қиын-қыстау шақта жым-жырт хабарсыз жатуы Нұралы ханды ұйқысынан айырды. Ақыры тамыз айы аяқталар қарсаңда баронға «Ресейге жаулық ойлайтындарды қолдап отырсыз, Сіздің екіжүзді ұстанымыңызды Сырымның жақтастары ханның беделін түсіруге пайдалануда», — деген мазмұнда хат жолдады. Тіпті, патша ағзамға берген антанын айнымайтынын тағы да қайталап, сонымен бірге «империяның шекарасынан көшемин, генерал-губернатормен байланысымыз үземін», — деп ішті кернеген ашу-ызасын да жасыра алмады. Бірақ оған Игельстром айылын да жиған жоқ, қайта іле-шала «менің міндетім өлкеде өзара қақтығысты басып, тыныштық орнату, хан басыңмен қарашаға сөзіңді өткізе алмай отырсың», — деп бар кінені Нұралының өзіне аударып, жауап жөнелтті, тіпті егер қазақтардың тұтқынында отырған майор Рейнштейнер мен басқа да офицерлерді дереу босаттырмасаң, өзің де сол бүлікшілердің қатарына қосыласың деп қорқытты.

Дөп осы хатпен бір мезгілде, яғни қыркүйек айында Кіші жүзге М.Хұсайынов ахун мен қазақ тілін жетік білетін, қазақтардың белгілі адамдарымен келіссөз жүргізуге жиі пайдаланылатын ассессор, Уфа қаласының судьясы М.Бекчуринді жіберді. Барон Екатерина II патшайымға «ханмен бітістіруге бар күшімді салдым», — деп келірісгерінен, аталған ахун мен ассессорға басқаша, яғни «бізге Сырым батыр мен оның жақтастарының пікірі пайдалы, қазақтарға ешқандай ханның керекі жоқ, одан да өлкені Орынборда құрылатын Шекаралық сот пен бас шекара бастығы арқылы билеген тиімді», — деген құпия тапсырма берді. Бұл империя тағайындаған өкілдің таза империялық пиғылдағы қиырқы саясаты, өлкені билеу үшін қолға алған реформасының «іспісмілалсы» еді. Қалың бұқараны соңына ерте алған Сырым сияқты тұлға барон Игельстромға аударып қажет болатын. Сырымның хандық билікке қарсы саясаты баронның

беделі бар адамдар сайланды. Қаракөсек руын Сеітбай би, байұлыннан Тор-мамбет би, жетіруді Тіленші батыр билейтін болды. Ал Сырым батыр бүкіл ордаларға бас-советникі болып сайланды. Сонымен бірге жиналыс атақты екі старшынды — Көккөз би мен Қаратау биді де Орданың құра-мына сайлады, бірақ олардың атқа-ратын міндеті айқындалған жоқ.

Сондай-ақ, жиналыста барон Игельстромның тапсырмасы бойынша Мұхамеджан Хұсайынов ахун Шекаралық сот құру туралы ұсыныс жасады. Бұл шаруаны патша үкіметі 1775 жылы губерниялар құру туралы шешімімен белгілеген жалпы далалық өлкені басқару жүйесімен орайластыра көтерген еді, бірақ ол кезде мұндай шешім ханның қатты қарсылығына тал болып, Шекаралық сот құрылмады. 1784 жылғы 2 мамырдағы Жарлығымен Екатерина II патшайым генерал-губернатор Апухтинге осындай сотты құрудың қажеттігі туралы тағы да ескертті. Шекаралық сот, түптеп келгенде, жүзді басқару органы болуы және прокурорлық қадағалау міндетін атқаруы тиіс болатын. Бұл жергілікті халықтың өз құқығын өзгенің қолына берумен, сөйтіп іс жүзінде бодандық қамытын киюмен бірдей еді. Еркіндікті, бостандықты пір тұтатын көшпелі қазақтың осы табиғи, шынайы қасиетіне айлалы, алып империя балта шаппақышы болып төніп келе жатты. Тумысы басқа А.Левшин сияқтылар осы еркіндікке «олар өздерінің жабайы еркіндігін бөрінен жоғары қояды», — деп «жабайылық» шекпенін жабуға тырысты.

Игельстромның Сырымның беделі арқылы отаршылдық отын тұтатуда айталы қадам жасап отырғанын «күпіл» қазақтың билері мен старшындарының белгілі бір тобы түсінді. Түсінді де, олар мейлінше сақтықпен қарсы өрекетке көшті. Күштің арасалмағы, өрине, «ел ағасы» дерлік жасқа жетіп, көшпелі өмірдің ыстық-суығын басынан талай өткізген Қаратау би деңгейлес дала қайраткерлеріне ішкі қарсылығын ашық айтуға мүмкіндік бермеді. Олар генерал-губернатордың ұсынысын теріске шығарған жоқ, тек оны дөп қазір орын-даудың мүмкін еместігін сыпайы жеткізді, «қыс болса келіп қалды, енді азғантай күндерде соң рулы елдер ру-руымен қысқы орындарына ошарыла көшеді, одан да бұл іске алдағы көктемнен бастап кіріспелік», — деген уәжді алға тартты.

Сөз жоқ, старшындардың көпшілігінің хандық биліктен үзілді-кесілді бас тартуға батылдары бармады. Өйткені хандық биліктен шығып, орыс империясының оқалы шенеуніктерінің бас салғалы тұрғанынан сенкенді. Елдегі араздықтың түп-тамырын хандық биліктен емес, Нұралы сияқты жекелеген хандардың өділетсіздігінен



салайын, күні кеше Мұрат бидің, Тормамбет бидің, Кузуб бидің (Көккөз би, қате кеткен болуы керек, М.Вяткинде Көккөз би деп көрсетілген — С.Б.) Сеітбай бидің, Дос бидің, Барақ батырдың, Әбдіжәлел (М.Вяткинде - Әбдіхалел - С.Б.) қожанын, Қаратау бидің, Сытыра бидің және басқаларының хабарлауы бойынша, Сырым батыр Дөнен батырмен және молда Әбдікеремнен бірге Есім сұлтанның күш қолдануымен тұтқынға алынып, Сізге өкелінген, Сіз Дөнен батырды босатыпсыз да, Сырымды алып қалыпсыз және оны баратын жеріне жібермейтін көрінесіз... Сырым батыр антына беріктігін дәлелдеді...оны еріксіз ұстап тұруға ешкімнің де ешқандай құқы жоқ, егер батылы баршан бұған біреу қарсы шықса, өрине ол өділетті тұрда сазайын тартатын болады; достық көңілмен ескертемін Сізге, жоғары мәртебелі сұлтан, оны бізден өрі ұстамауға бұйық беріңіз», — (64.116) деп ашып айтты. Демек, Сырымды осылай жоғары бағалауы арқылы барон Сырымның, старшындар тобының елге қаншалықты сөзі

Оның үстіне, орыс империясы жаңағы Жарлығымен қазақтардың Жайықтың ішкі бетіне мал айдап өтуі үшін генерал-губернатордан «ашық парақ» деп аталған арнайы рұқсат алуын, яғни аманат қалдырып өтуін міндеттеп қойды.

Жетім қозы маңырап жүріп отырады дегендей, жерінен айырылған қазақ ауылдарының өзінің суы мен отын тіленіп жүріп ішіп-жеуіне тура келді. Дегенмен, 1786-1787 жылдарда қыста Жайықтың ішкі бетіне 45 400 шаңырақ өтті. Генерал-губернатордан жаңағыдай «ашық парақтың» Көккөз би, Дөнен батыр, Медет би, Сыпыра би, Қаратау би сияқты белгілі би, батырлардың рулас ауылдары алды.

Ысық Қаратау бидің бір өзінің ықпалымен он мың шаңырақтың, қалғандарынан жеті мың, үш мың, бір мың, ең азы үш жүз шаңырақтың арғы бетте малын қыстауына жол ашылды. Егер ер шаңырақта бес адамнан бар деп есептесе, тек Қаратау би бастап көшкен көштің өзі елу мыңдай адам болады екен. Қазір бүкіл Ойыл ауданында

А.Р.Воронцовқа «қазақтар өздерінің көшіп-қоныуына Уфаның генерал-губернаторы рұқсат еткен жерлерге ғана емес, бүкіл шалғынды жағалауға лап қойды, қопалар қазақтар мен олардың малдарына толып кетті» деп шағынып, неліктен азар да безер болғанын түсінесің. Биліктен айырылған, оның ішінде Ералы бастаған хан тұқымы бастан бақтың таюына көндіге алмады. Өз жанын өзі жұлып жел, жаралы жолбарыстай жанталасты. Генерал-губернатордың адъютанты Гранкиннің алдарқауына көнбей қойды, ал генерал-губернатордың өз болса онсыз да күні өтіп бара жатқан сұлтанмен жақындақсаннан гөрі одан оқшауланғанды дұрыс көрді. Тіпті, өлі де болса Ералының төңірегінде жүрген старшындарды одан алшақтатудың қамына кіреді. Әсіресе, Сырым ауылында тұтқында отырған Қаракөбек биді өз жағына тартуға тырысты. Осы мақсатта ол Қаракөбек бидің 1787 жылдың жазында Орынбордың тауар алмасу базарына келген інісін өзінше шақырып, оған Ералының төңірегіндегі старшындарға, ең алдымен Қаракөбек биге арнаған ашубу хатын тапсырды. М.Вяткин айтқандай, Ералы сұлтан мен оны жақтаған старшындар арасының күрт сууының себептері ресми құжаттарда айқын жазылмаса да, оқиғаның барысы Игельстромның ойлаған мақсатына жеткенін дәлелдеп берді. Сол жылдың тамызында Сырым тұтқыннан босатылды, ал Қаракөбек би қайтадан Сырым батырдың тобына қосылып, қыркүйек айында Әлімұлы руының екі басты старшындарының бірі болып сайланды.

1787 жылғы тамызда Сырым тұтқыннан босам келгеннен кейін барон өзінің «реформасын» аяқтауға тағы бір қадам жасады. Қоблада өткен старшындар жиналысында генерал-губернатордың ұсынысымен ру өкімдерін белгілеу туралы бір шешімге келді. Бұл шешім патша өкімшілігі өкілдерінің, яғни генерал-губернатордың кеңесіші М.Бекчурин мен М.Хұсайынов ахунның қатысуымен қабылданды. Бір назар аударатын жайт, алқаби парақтарында (присяжные листы) қозғалысқа қатысушы қайраткерлердің бірде-бірінің, айталық Қаратау, Сыпыра, Бөдене, Тормамбет билердің қолы қойылмаған. Тіпті, Сырым батырдың қолы да онда кездеспейді. Жиналыста ант берген ру өкілдерінің, олардың көмекшілерінің арасында белгілі ру қайраткерлерінің болмауы неліктен? 1785 жылы Жайықтың оң жағалауына жеті мың қосын өткен еді, ал 1786 жылы алты мыңға ғана жуық қосынның өтуі, яғни ант берген старшындардың көпшілігінің азғана қосынға ықпал етуі көп нәрседен хабар бергендей. Сырт қарағанда, дала қайраткерлерінің саяси ұстанымдарында тұрақсыздық белең алғандығы көрінеді. Ал іс жүзінде «реформада» көзделген қағидаға адалдығын білдіріп ант бермеген старшындардың, оның жаңа құрылымының құрамына енуінің сыры тереңде жатыр. Олар жүзді билеудің жаңа жүйесін мойындаған жоқ, ал ру өкімдігіне кірген себебі ол хандық билікті толықтыратын жаңа орган болады деп ойлады. Старшындардың бұл тобы бұрынғысынша Қайып сұлтанды хан сайлау үмітінен айнымады. Ал екінші бір тобы ру өкімдігі сайлауын өткізуді құптады, өйткені патша өкімшілігімен текетіреске келмей, өлкеде тыныштық орнатуды көздеді. Империямен дипломатиялық және экономикалық байланыс жасап, сөйтіп «ішкі жақта», Жайық бойында малын жайып, еркін өмір сүруді аңсады. Сонымен бірге, хан билігін қалпына келтіруге қарсы болғандықтан ру өкімдігінің құрамына кіруден бас тартты. Халықтың басым көпшілігі старшындардың осы тобын қолдады. Бұл топтың дембөрушілері Сырым батыр, Қаратау би, Қаракөбек би және тағы басқалары болды. Рубасылардың өз ішіндегі осындай қарама-қарсы көзқарас оқиғаның ширеуіне орай тез ұшықты. Тісінше, ол бодандау «реформасының» да аяғын тұсады. Шекаралық сот та, ру өкімдігі де патша өкімшілігіне көмек көрсетіп жарыптады. Рас, ру өкімдігі сұлтандарды өлкеге билік етуден аластатты, алайда елге ықпалы одан өріс аса алмады. Халық, бөрібір, бас старшындарға жүгінді. Тап солардың қолдауына сүйенбейінше патша өкімшілігінің тапсырмасын орындаудың мүмкін еместігін жақсы түсінген Игельстром енді «реформасын» елеулі толықтыру енгізуге мәжбүр болды. II Екатерина патшайымға ойын

тарата жазып, оның рұқсатымен ру өкімдіктеріне қосымша бас старшындар лауазымын белгіледі. Әлімнің бас старшындары болып Саралтай би, Қаракебек би, Муратбек би, Байұлының бас старшындары болып Сырым батыр мен Қаратау би және Жетірудың бас старшындары болып Тіленші батыр мен Жанболат батыр тағайындалды. Ал Сырым батырға оның үстіне тархандық атақ берілді.

Бас старшындарға кең өкілеттік белгіленді, алайда ол өкілеттіктің калай жүзеге асырылатыны анық көрсетілмеді. Айталық, бас старшы Сырым батырға жазылған «өсиет» қағазында патша өкімшілігі ру старшындарын атап және ру өкімдіктерінің құрылатынын айта келіп «Байұлы ішінде олардың бәрін басқару үшін бас старшын сайланады және тағы да олардың үстінен қарайтын бас старшы болып Сізбен бірге Қаратау би Өмірзақов белгіленеді» делінген, бірақ әрқайсысының нақты қызметі айқындалмаған. Одан әрі олардың бес тармақтан тұратын жалпы міндеттері тізбеленген.

1787-1788 жылдарда өлкеде шекаралық сауда-саттық қыза түскенімен малды немесе адамды барымталау мүлдем дерлік тиылды, алайда рулардың өз арасында хан билігіне қатысты шиеленіс өршіле түсті. Сырым хандық дәуірінде өткенін айқын сөзді. Алайда, ханға тәуелділік гасырлар бойы қалыптасып, ол шартты түрде болса да ұлттық бірлікті қамтамасыз етіп

аруақты ата-бабаларымыздың алдында айықпас күнәға батав едік. Сырымның тегеурінді батыры бір Тіленшінің өзі неге тұрады? Сырыммен талай қыын-қыстау күндерді бірге өткізген Тіленшінің тоқсаныншы жылдарда атақты қолбасшысына ғайбат сөздер айтып, іргесін аулақ салуын жаңағыдай үстірт оймен бағалай салуға тіпті де болмайды. 1792 жылғы қыркүйекте Сырым батырдың Қаратау биді үш айдан астам тұтқындап қоятыны бар. Өйткені ел қарулануы, атқа қонған ең шешуші сөтте Қаратау мен Сылыра би қарсы бағыт ұстанды. Дәл осы кезде аталған билердің ұлыстары патша отрядтарының қол астында қалған еді. Мұндай жағдайда не істеу керек? Жай қарумен зеңбірегі кезенген патша отрядтарына шабуыл жасап, ұлыстарын босатып алмады деп немесе басқалай кінәлауға негіз жоқ. Ақылы мен батырлығына, тапқырлығы мен табандылығына губернатор тақсырдың өзін табындырып, тайсала өрекет еткізген Сырым да қара табан халық пен би, мырза, старшындардың арақатынасын дәл болжай алмағандықтан арманда кетті.

Дүние — тылсым. Сырым хан көп тегілемесін деп Ресеймен ғана емес, бұхарлықтармен де, хиуал ықтармен де бейбіт байланыс орнатқысы келді. Бірақ заман ағымы мен ұлттық ерекшелік қайшылығы бұған мүмкіндік бермеді. Тоқсаныншы жылдың ақпанына таман Сырым батырмен және Қаратау бимен кездескен бір топ дін

ніңізді естідім. Біздің ойымыз қандай, сіздің айтқандарыңыздың шындыққа келмейтін себебі Сырымның бұйрығын ешкім тындамайды... Ортамызда болу керек деп есептесеңіз біздің өзімізге келіңіз, осында келіссөз жүргізе аласыз; сыйлы адамдарымыз менің аулымда бас қосуды ұйғарып отыр, оның уақыты да келді...», — деп жазуында не сыр бар? Өзі қалтқысыз сеніп, қапысы қызмет еткен серігінен іргесін аулақ сала бастағаны ма, жоқ өлде оны беймәлім қауіп-қатерден қорғаштауының амалы ма? Ал Сырымның сол кезде генерал-губернаторға бізбен келіссөз жүргізуге М.Құсайынов ахунды жіберіңіз деп өтініш жасағаны, ол өтініштің қанағаттандырылып, батырдың аталған ахунмен 2-3 мамырда және соңғы рет 8 маусымда кездескені тарихи құжаттардан белгілі. Бұл кездесулер екі жаққа да айтарлықтай нәтиже берген жоқ. Атаман Донсковтан жазықсыз жапа шегіп, әбден өшкен халықтың, оның ішінде беріш руынан Амандық батырдың және Ысық руынан Қаратау бидің қарауындағы елін қауіпсіз жерге көшіруге, сөйтіп Ресей өкімшілігімен ат құйрығын кесісуге мәжбүр болып отырғанына ахунның жалауында, жылтыр үгітпен берген жауабы далалықтардың ызасын келтірді. Жоғары жаққа берген есебінде: «Қазақтар, есіресе Әлім руынан Наурызәлі би ашудан қалшылдап кетті, — деп жазды Мухамеджан ахун. — Жайықтағы бастықтарымен ауыз жаласқан мүф-

1797 жылғы 29 тамызда Хан кеңесіне мыңнан астам серігімен келіп, елін елдікке, бірлікке соңғы рет шақырған Сырымның қасында тұрып, рухына рух қосқан Наурызәлі батыр.

Орыс құжаттарында Қаратау елін аузына қаратқан би ғана емес, қол бастап халқына қорған бола білген айтулы батыр екені де жиі айтылады. М.Вяткиннің оны біресе би, біресе батыр деуінің сыры да осында. Атаман Д. Донсков тоқсаныншы жылдардың басында қазақтардың алты жүз жылқысы мен тоқсан өгізін тартып алып, қарсылық көрсеткен он бес адамды өлтіргенде намыстан өртенген Қаратау батыр от шашқан зеңбіректерден имікпейді, аламандықпен қазақ ауылдарын шабады. Орынбор губернаторы Н.Н.Бахметьевтің 1802 жылы 1 Александр патшаға жолдаған жазбасында, кеудесін керіп үйренген кеземдікпен «ұры», «қарақшы» деудің орнына Қаратауды батыр деп баяндауы патша шенеуніктерінің өзін мойындатқанын көрсетеді.

Кіші жүздің, исі қазақтың айтулы батырларының бірі Сырым Датұлының сенімді серігі болған Қаратау Өмірзақұлының екі гасыр бойы анықталмай келген, жамбасы жерге тиген орны да табылды. Орал облысының өлкетанушылары Қ.Хасановтың (66), Ж.Ақбаевтың (67), атыраулық өлкетанушы А.Өміржановтың (68) Қаратау би жөніндегі еңбектері жергілікті, республикалық басшыларда бірінен сон бірі жариялана бастады. «Қаратау бидің бейіті» деп көрсетілген жердегі «сыр бүккен» құлпытастағы жазу оның сары ысық Өмірзақұлы Қаратауға қойылғандығын айқындап берді (оқыған шығыстанушы Болат Аязбаев — С.Б). Ұрпақтары қабырғалы биге еңселі кесене тұрғызды. Қазір ұлы бабаның дөңесті жерге тұрғызылған алты метрлік кесенесі сол бір аумалы-төкпелі күндердегі билігі мен ерлігінің жаңғырығындай көкөзегінен асқақтай көрінеді.

Ебескіден бастап Ащыойыл бойындағы Наурызәліге дейінгі батырлар шыққан қалын кетенің бітелі бір тармағы оқырайдан шыққан Қаратау бидің ерлігі мен билігі де ерекше аталады. Ы.Алтынсарин «Таңдамалысына» енгізген «Әбілқайыр мен Қаналы турасында» атты жырда:

*«Хиуаға бараан соң
Өсектің арты бақ болған.
Қалай жүрсе қыбыла,
Міннені алтын тақ болаан.
Бақыты асқан ерлерге
Бір төңірі жақ болған.
Мұнан Қанаш бараан соң
Қайта халқын басқарған.
Белгілі достар бойсуың
Душпандары жасқанған.
Кешегі оқырайда Қаратау
Ылға саңлақ бас болған»* деген жолдар бар (69.59-67).

Мұндағы Қанаш деп отырғаны Қаналы сұлтан. Ресми құжаттардан оқырай Қаратау туралы деректерді кездестіре алмадық. Дегенмен:

«Ақылымен жұртты оралтып,
Бес қалаға бас болған.
Әзберген, Есет, Жәнібек
Төмам ерлер қуалтып
Қайратына мас болған»

дегізіп ақындық шабытты оятқан Қаналыға «Бас саңлақ» болудың салмағы айтпай-ақ түсінікті. Әбілқайырдан Айшуақ, Айшуақтан Жантөре, Жантөреден Арыстан, Арыстаннан Қаналы туады. Жырда жырланғандай. Хиуаның бес қаласын басқарып, Хиуа ханының шен-шекпеніне бөленген Қаналы патша үкіметінің Верекиннің басқаруымен Хиуаны шабуға шыққан қарулы әскерін тоқта-тады. Ал Әзберген, Есет, Жәнібек тарихта орны айқындалған айтулы тұлғалар. Ә Сейітдин сұлтан Есет Кәтібаров және басқа белгілі билерді марапаттау жөнінде 1863 жылғы жоғары жасаған ұсынысында Әзберген Мұнайбасовтың Есет Кәтібаровпен бірге 1855 жылғы «Бүлікті» ұйымдас-тырушы болғанмен, кейін патша ағзамның рақымына бөленіп, флигелі-адъютант Бутакос басқарған Қонырат экспедициясына көп көмек көрсеткені, Хиуадан Орал даласына бірнеше жүздеген түтінді ертіп өкелгені жайлы жылы баяндайды

Осы жанама деректердің өзі көрсеткендей, С.Датов көтерілісінен кейінгі ұлт-азаттық толқулардың белді тұлғаларымен тізе қосып, олардың дем беріп, үндеушісі болған оқырай Қаратау би де өңірдің өлі ақиқаты толық айтылмаған кесекті тұлғаларының бірі екені сөзсіз.

*Материалдар жазушы
Сырым Бақтыгәерішұлының
2009 жылы «Фолант»
баспасынан шыққан
«Ойыл» кітабынан алынды.*

...Жақында ұрпақтары Наурызәлінің дасын көтерді. Мөрмер тақтада - дұлығалы батырдың төбе басынан етектегі кең жайылған сары далаға бойлай көз жүгірткен бейнесі. Ол -



келді емес пе? Енді бұл саяси жүйе жойылғалы тұр, ал оның орнын қандай жүйе алмастыруы тиіс? Ұлттық бірлікті қалай сақтап қалуға болады? Қазақтың өз ерекшелігіне тән мемлекеттілікті ыдыратып алмай ма? Жүздегі саяси басшылықты кімге сүйеніп, қалай тиімді жүргізеді? Қазақ баласының алдына бұрын-соңды қойылып көрмеген осындай кең ауқымды қадау-қадау өмірлік сұрақтарды тез, көрегендікпен шешу оңай болған жоқ және оңай болуы, қателіктен айналып өту мүмкін де емес еді. Батыр жүзді басқаруда феодалдық қоғам жағдайындағы қарапайым өдістерді сақтады. Бағынышты ауылдардағы жағдайды, ресми тапсырмаларының орындалуын хан өзінің сенімді адамдарынан тағайындалатын жасауылдар арқылы бақылайтын. Сырым да осындай жасауылдар тағайындады. Бірақ оларға, шамасы, өкімшілік билік жүргізу құқығы берілмеген болуы керек, айналып келгенде, батыр өз бақылауын старшындар арқылы жүзеге асырып отырды. Ал рулық, бытыраңқылық жағдайда старшындардың басын қосып, бір орталықтан басшылық жасау бос сөз болатын. Сырым хандық билікті де, ханды да құлатып, елді халықтың қайнаған қалың ортасынан шыққан өз өкілдері — халық өкілдері басқарсын деді. Ол Париждегі қалалық өзін-өзі басқару органы «Париж коммунасын» дүниеге әкелген 1789-1794 жылдардағы Ұлы француз революциясынан төрт жыл бұрын қазақ даласында дүниеге келген ел басқару өдісі еді.

Өкінішке орай, халық өкілдері — билер мен старшындар халқына мүмкіндігінше бейбіт мәмілелесу жолымен азаттық өперуді армандаған Сырымға баянды тірек бола алмады. Патша өкімшілігімен арадағы келісім шебі үзіліп, белді шешуші шайқасқа бұғанда олардың көпшілігі Сырыммен бір сапта қанды майданға қол бастап шықпады. Өрине, бұрыннан ұлт азаттық көтеріліске күдікпен қараған старшындар мен билер тобының нәліктен бұғып қалғанын түсіну қиын емес, сонымен бірге олардың арасында батырдың ең сенімді серіктері де болды емес пе. Неге?!

Қорықты, бас сауғалады десек, қолының қысқалығы талай-талай қан жұтқызып, «бармағын шайнатқан»

өкілдері бұхарлықтардың тапсырмасымен Ресей өкіметіне қарсы қарулы көтерілісті бастауға шақырды. «Ресеймен тыныш өмір сүру біздің заңымызға қайшы келсе, сол күннен бастап біз Құранды ұстап, атқа қонамыз» деп жауап берді оларға Сырым батыр мен Қаратау би.

Бұхарлық діни үгіттің өсері тез сунды. Өйткені ол көтерілістің табиғи сипатына сай келмейтін еді. Бірақ жағдай шиеленісіп кетті де көтеріліс көсемі онсыз-ақ «ен соңғы шешуші шайқасқа» шорт бекінді. Елдестеріне шекара маңынан ежелгі қоныстарына көшуге бұйрық берді. Жайық бойының жасыл жайлауы малын ойлаған қазақты тұйыққа тіреді, көпшілігі «ертеңгі күнді көріп алармыз, бүгінгімізді ойлайық» деген тоқтаммен орындарынан қозғалмады. Оның ішінде Қаратау бидің ұлы Қашнабай (*Ысық руының «Бәйтерек» атты шежіресінде — Кішембай. — С.Б.*) басқарған тұтас ауыл да көшуден бас тартты (65.108).

Шекті руының Қаражігіт молдасы мен шеркеш руының Жарқын батыры келді, көнбеді, үш жолдасын ертіп адай руының Досмамбет молдасы келді, көнбеді, ақыры «қиқар» ауылға Сырым мен Қаратау қатан ескертумен байбасқы руының Ерсалы мен Қойсары батырларын жұмсауға мәжбүр болды. М.Вяткин атап көрсеткендей, 1790 жылдың ақпан айының бас кезіндегі осы шайқаста Қаратау би Сырыммен тізе қосып атқа қонды, сол шайқастар туралы сөй келін граф А.Р.Воронов полковник Персидскийге «...олар үш постқа шабуыл жасап, алты адамды тұтқындады... егер хабарларға сенсек бұхарлықтардың көп қолының көмегімен алдағы жазда Орал линиясын шаппақшы», — деп үрейлене жазды.

Ғасырлар бойы қалыптасқан тайпа-шебі үзіліп, белді шешуші шайқасқа бұғанда олардың көпшілігі Сырыммен бір сапта қанды майданға қол бастап шықпады. Өрине, бұрыннан ұлт азаттық көтеріліске күдікпен қараған старшындар мен билер тобының нәліктен бұғып қалғанын түсіну қиын емес, сонымен бірге олардың арасында батырдың ең сенімді серіктері де болды емес пе. Неге?!

Қорықты, бас сауғалады десек, қолының қысқалығы талай-талай қан жұтқызып, «бармағын шайнатқан»

тилер бізді көрер көзге алдап отыр. Алашымның аруағы қолдасын, текке уақыт алмай ауылымызға қайталық, атқа қоналық ағайын деп айғай салды».

Наурызәлі би — атақты Арал батырдың ұлы, Сырым, Қаратау бимен тізе қосып, осы Ойыл, Қиыл, Жем, Сағыз бойында елі мен жері үшін аш арыстандай алысып өткен, 1786 жылғы қарашада патша өкіметінің тұтқынында отырған жазықсыз қазақтарды босатуды талап етіп Игельстромға Қаратау, Көккөз, Дөнен билермен бірге хат жолдаған батырлардың бірі.

Сегіз жыл бойы ат үстінен түспеген Сырым бастаған көтерілісшілер империяның саяси қыспағынан құтыла алмаса да оның самсаған қарулы отрядтарының ел ішіне дендеп кіруіне жол бермегені белгілі. Атып кету, шауып кету сияқты ұшы-қиыры жоқ сүргіннен өбден қақып, үмітсіздік үрейіне берілгендерге қарама-қарсы, Орынбордың жаңа генерал-губернаторы А.А.Паутлин ашулана жазғандай, Сырым батырды немерелері Ерсалы мен Қойсары, Айшуақ сұлтанның ұлы Жантөре, жетірудың Елекбай мен Барак, Байұлынан Қаратау, Әлімұлынан Жиамес старшындар қолдады.

Кете руының батыры Наурызәлі бастаған, табын руының Елекбай, Бармақ, Асау бастаған бес жүз қазақ атқа қонды. Олар Ойыл өзенінің жағында топтасты, оларға төртқара руынан Қаражан және жағалбайлы руынан Тотбай бастаған көтерілісшілер келіп қосылды. Барлығы екі мыңдай қабақтары қатұлы жігіттер Сырымнан хабар күтті. Осыдан бірнеше күн ғана бұрын, маусым айының басында Сылыра би Шекара істері экспедициясына кете руының Наурызәлі, табын руының Елекбай, Бармақ, Беріш руының Маманбай Сары, Есен-темір руынан Мыңбай бастаған бес-алты жүз адамның Сырыммен келісіп, Етек қорғанысына шабуыл жасағалы жасақталып жатқанын хабарлаған еді. М.Вяткин жиынның қалай аяқталғаны туралы дерек келтірмеді.

...Жақында ұрпақтары Наурызәлінің дасын көтерді. Мөрмер тақтада - дұлығалы батырдың төбе басынан етектегі кең жайылған сары далаға бойлай көз жүгірткен бейнесі. Ол -

АҒАДАН ҮЙРЕНГЕНІМ КӨП

Халқымызда «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» деген терең мағыналы сөз бар. Шынында түйсік-танымы жоғары, адамгершілігі мықты, үнемі ізденісте жүретін азаматтан тәлім алудың, онымен қызметтес болудың берері мол. Мен марқұм Мәтжан Орынбайұлымен бір ұжымда еңбек еткенімді тағдырдың өдемі сыйы деп бағалаймын.



1976 жылы болатын. Мен – педагогикалық институтты бітірген жас маманмын. Кеңестік дәуірдің жағымды сипаттарын жоққа шығармай еске алып отырғанның еш сөкеттігі жоқ. Жоғары және арнаулы орта білім алған қыз-жігіттер тұрғылықты өңірдегі атқарушы билік органдарының назарында болатын. Сол қағидамен мен де ауызға ілігіп, Ойыл селосындағы №196 кәсіптік-техникалық училищеде штатқа жақандан енгізілген комсомол комитетінің хатшысы деген лауазымға ие болдым. Аға буын өкілдері сол тұстағы комсомолдың ұйымдастырушылық, тәрбиешілік ықпалын жақсы біледі. Бастапқыда қобалжыдым. Сөйтсем мұның бәрі бекер екен. Бағмына педагогикалық кәсіптің жігілін шағып, майын ішкен аға-апаларым тап болды. Жатырқамай бауырына тартып, бар білгенін үйретті. Солардың бірі - Мәтжан ағайым. Бұл кісінің училищеде басшы қызметтердің біріне тағайындалуы да қызық. Өткен гасырдың жетпісінші жылдарының басында мәртебелі билік органдары кәсіптік-техникалық училищелерде арнаулы орта білімді кәсіби мамандарды даярлау жұмыстарын жетілдіру туралы қаулы қабылдап, соның негізінде партия-кеңес органдарынан лауазымды қызметкерлер іріктеліп, аталған салаға жіберілді. Ойыл аудандық кеңес атқару комитетінде ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің меңгерушісі М.Орынбаев осылайша аудан орталығындағы училище директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып бекітілді. Мекен жаңа ұжымда орта білім беру пәндерін оқытудың озық әдістерін енгізуге ұдайы көңіл бөліп отырды, әдістемелік-нұсқаулық шараларды жүйелі ұйымдастыруды назарда ұстады. Және бір қасиеті – жас мамандармен жұмысты жан-жақты жүргізді, шығармашылық қабілетін ұштауға қамқорлық жасады. Менің комсомол комитетінің хатшысы қызметімен шектеліп қалмай мұғалімді қосымша білімді қоса алып жүруіме мүмкіндік туғызды, яғни институтта тарих факультетін бітіргенімді ескеріп, осы пәннен қосымша сағат бөлізді.

Біз - училищеде қатар қызмет еткен бір топ құрбылар Мәтжан Орынбайұлының баптап-баулуымен кәсіби шеберлігімізді жетілдірдік, кейінгі еңбек еткен орталарымызда жайсаң ұстаз тәлімін естен шығарған жоқпыз, сенімді ақтауға тырыстық. Марат Усин, Мейірхан Берғалиев, Айсауле Көшенова, Жұмақыз Тұрарова, марқұм Клара Нығметова, Болат Пангерева, марқұм Үміт Жексенбаева, марқұм Күлш Наурызұлова училищеде жинақталған тәжірибені сөтімен толықтырып, облыс жұртшылығына танылды. Атап айтқанда химия пәнінің мұғалімі Жұмақыз Тұрарова Кеңес Одағының астанасы Мәскеу қаласында өткізілген одақтық деңгейдігі мұғалімдер съезіне делегат болып қатысты. Мейірхан Берғалиев 1978 жылы Ақтөбе қаласында ашылған ауыл шаруашылығы техникумына директордың оқу-өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасары қызметіне шақырылып, қырық жылға жуық уақыт абыроймен атқарды. «Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесінің үздік қызметкері» тәсілдеріне ие болды. Қазіргі күнде зейнет демалысында. Марқұм Үміт Жексенбаева ұстаздық қызметін ғылыми ізденістермен ұштастырып, педагогика ғылымдарының докторы деңгейіне көтерілді.

Ойыл аудандық білім бөліміне қарасты мекемелерінде жұмыс жасаған жас ұстаздарға әдістемелік көмектерін беріп, бағыт сілтеген, ұжымдардың жаңашыл бағытта жұмыстануына бағдарлап беріп, оны дамыта білген өдіскер-ұстаз.

Мекенің зайыбы Рима Боршақызы – мектеп директоры, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды. Отбасында 4 баланы тәрбиелеп, қатарға қосты. Немерелерінің үлкені Айнель – РФ Уфа қаласынан жоғары оқы орнын бітіріп келіп, елге қызмет істегелі отыр.

Мекенің өзіне жүктелген қызметті мінсіз атқара жүріп, қоғамдық ұйымдардың жұмысына белсене қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарына мақалалар жариялап тұрды. Оның қаламынан шыққан туындылар 2019 жылы басыпандан «Туған өлкем – тұғырым» деген атаумен кітап болып шығарылды.

М.Орынбаевтың «Қазақ ханы Әбілқайыр» атты ғылыми зерттеуі Қазақ хандығының 550 жылдығына орай өткізілген республикалық ғылыми-практикалық конференцияның бағдарламасына енгізілді.

Шындықты, әділдікті басты ұстанымына айналдырған ізгі ниетті аға Мәтжан Орынбайұлы Ойыл жұртшылығының есінде сақталатынына күмән жоқ.

Түлкібай САПАРОВ,

облыстық ішкі саясат басқармасына қарасты «Қоғамдық келісім» коммуналдық-мемлекеттік мекемесінің жауапты қызметкері. Ақтөбе қаласы.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы, ағамыз Динжанова Райса Сансызбайқызын сағынышпен еске аламыз! (13.10.1954ж - 20.06.2020ж)

Асыл ана, еске аламыз сағына, Аруағыңа бас иеміз дұғад! Бір жыл болды, нұр бейнеңді жер жауып, Отбасыңнан кеткеніңе жыраққа. Үй - күйліміз, алып бата өзіңнен, Құдаларың құрмет көрді төріннен. Жоралпының бәрін бірдей жасадың. Аз ғұмырды жалғап алдың ісіңмен! Шуақ шашып, жымпып жеймен ғана, Мейірімің шексіз еді айналана. Даналығың дараланып көрінетін, Келгендерге жаюлы еді дастарханда. Едің шебер, қолыңнан шыққан талай, Кім бе, бұйым болсын - көз тойғандай. Өлі күні көшеден көрсем болды, Танимын қолтаңбаңды еш жаңылмай! Еңбек еттің шаршауды білмей мүлдем, Бар ісіңді тірліктегі мақтан етем. Уақыттың талабына ілес алдың. Күшің барда айналысып кесібіңмен. Құрметіне бөленді жерлестердің, Сахнада жарқырады бұлдіршіңдер. Білгеніңді үйреттің ерінбейді. Лицейде сабақ бердің шеберлікпен! Ортаның едің адамы, «Достарың көп еді» жанашыр. Соларды көрсем ортадан, Өзіңді өлі іздеймін, анашым! Бала - шаға құрметіне бөленіп, Өкемізді хан көтердің қашанда. Ол кеткен соң міндет алып мойныңа, Берекетін сақтап қалдың артыңда! Болсын жаның жарқыраған жанатта, Топырағың торқа болсын жеңілден! Желеп жебеп аруағыңмен қашанда, Жатарыңды білем, ана, ол жерден! Біздер бармыз-баласымыз дейтін артыңда. Немерелер қарап қояд сағына, Суретіңді сипап қойып қолымен. Өжетай деп сыбырлайды ішінен, Теп тез кеттің, жөпелдемде көзді ашып жұмғаныша, Барды салып шайсақтағай болмады, Ернарның сағынғандай боласың! Содан болар еш күреспей аттандың! Еске алушы : балалары, немерелері.



Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г қуәлігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірмен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1768 дана. Тапсырыс №637 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛДАУЫ



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУ ҮШІН ЖЕКЕ АДАМНАН БАЙ БОЛУЫ ТАЛАП ЕТІЛМЕЙТІНІ АНЫҚ. АДАМ ӨЗ ҰРПАҒЫНА ЖАСТАЙЫНАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚКА ҮЙРЕТІП, АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРГЕ БАУЛИДЫ. АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ ЕРТЕРЕКТЕН БАСТАП ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАТЫРЛЫҒЫМЕН ҚОСА ЖОМАРТТЫҒЫН ТАНЫТҚАН. ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ҰРПАҒЫ ДА АТА-ДӘСТҮРДЕН ШЕТ ҚАЛМАЙ, ТҰРМЫСЫ НАШАР ОТБАСЫЛАРЫН, ЖЕТІМ-ЖЕСІРДІ, ТАЛАНТТЫ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАП ҚОЛДАСА ЕКЕН ДЕЙМІЗ. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ КӨПТЕГЕН АДАМДАР ЖЫЛЫ СӨЗГЕ, МЕЙІРІМГЕ МҰҚТАЖ, ӨЗГЕЛЕРДІҢ КӨМЕГІНЕ ЗӘРУ ЕКЕНІ РАС. ОСЫНДАЙ СӘТТЕ ЖҮРЕГІ МЕЙІРІМГЕ ТОЛЫ АЙДАНА ТАБЫНБАЕВА «РАҚЫМ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫН 2020 ЖЫЛҒЫ МАМЫР АЙЫНДА ҚҰРДЫ.

Айдана жанына ынталы, табанды жастарды жинай бастады. Осы күнге дейін атқарған жұмыстары көп. Республика, облыс, аудан көлеміне қордың жұмысын таныта білді. Биыл

ғы Ораза айында қордың жастары көптің қолдауымен аз қамтылған отбасыларға, көпбалалы отбасыларына, мүмкіндігі шектеулі жанұяларға «азық-түлік пакетін» таратты.

Сондай – ақ, 1 – ші маусым балалар күніне орай Ақтөбе қаласында балаларға арналған «Юрта парк» алаңына аудан басынан аз қамтылған, жетім, мүмкіндігі шектеулі, көпбалалы отбасыларының балаларын апарып, ойнатып өкелуді ұйымдастырды. Біздің мақсат бұл арада біреуді мүсіркеу емес сәл болсада жанына жылулық сыйлап, көңілін көтеру. Таудай армандарын орындай алмасақта, сол арманға жетулері үшін жол бастап беру.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа – тұс келген біздің қорға биыл бір жыл толды. «Даңқ» саябағында бір жылдық есеп беру кешімізді өткізіп, қайырымдылық шарадан қол үзбей демеу көрсетіп жүрген азаматтарды марапаттап, арты концерттік

бағдарламамен ұласты. Осы бір жылдың ішінде 813 мың теңге қаражатқа 174 отбасына көмек көрсетілген. Бұл өрине демеушілеріміз бен аудан тұрғындарының көмегінің арқасында мұқтаж отбасыларға көрсеткен көмегіміздің бір парағы. Қор жұмысы осымен тоқтамай ері қарайда өз жұмысын жалғастыра бермек. Айдананың дүниеге өкелген «Рақымына» көзгі уақытта Темірболат Шәутенов жетекшілік етіп жүр.

Бізге өз кезегімізде қорымыздың негізгі жетекшісі Айданаға басқа ауданға тұрмысқа шығуына орай алдағы өміріне сәттілік тілейміз.

Ғалымжан ЖҰБАНОВ,
«Рақым» қайырымдылық қорының мүшесі.

ӨНДІРІСТІК БАҚЫЛАУ – ҚЫЗМЕТ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ



Ауданымызда жыл өткен сайын кәсіпкерлермен кәсіп ашқысы келетін азаматтарымыз көбейіп келеді. Өрине бұл қуантарлық жайт. Негізгі кәсібі мал шаруашылығы болып келетін ауданымыздың кәсіпкерлері басқа салаларда да қолға алуда. Аудан орталығында наубайханалар және тез тамақтану орындары, шаштараздар жұмыс жасап тұр. Ойыл аудандық «Ұлттық сараптама орталығы» кәсіпкерлердің халыққа жақсы қызмет көрсетіп, сапалы өнім ұсынуына жағдай жасап отыр. Себебі, зертхананың міндеті тағам сапасын, тамақ дайындау жағдайларының санитарлық талаптарға сәйкестігін үнемі бақылап отыру. Сонымен қатар бала-бақшалар да мектеп жасына дейінгі балаларға өз мекемелерінде жасалған жағдайдың санитарлық талаптарға сәйкестігін, тамақтарының сапасын, құнарлығын өз тарапынан қадағалап отыруы қажет. Заң талабы осындай. Ол үшін аталған қызметтерді жүргізуге біздің мекемемен келісім шартқа тұрып атқаруы қажет. Келісім шарт бойынша сынама алғынып, санитарлық талаптарға сай екендігі туралы хаттама ала алады. Сонымен қатар осы салада жұмыс жасайтын мамандарды жүйелі түрде медициналық тексеруден өткізу (бактрия тасымал-

даушылыққа, гельминт жұмыртқаларына, стафилакокка) және тағы да басқа тексерулер мен санитарлық техникалық минимумдер өткізу қолға алынып, тиісінше медициналық кітапшасының болуы аталған Занда және соған сәйкес нормативтік құжаттарды талап етілген. Мұндай санат өкілдері өз денсаулықтарын тексеріп, жайбарқақ жұмыстарын жасау мүмкіндігіне біздің орталыққа келіп те ие бола алады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі №193 - ІV Кодексінің 90 бабы, 4 тармағы, 3 тармақшасында «Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар өздері жүзеге асыратын қызметіне сәйкес өндірістік бақылауды жүзеге асыруға міндетті» делінгенін ескерсек, бұл өндірістік бақылау жұмыстарының заңды талап екенін айрықша атап көрсеткіміз келеді.

Жаңадан кәсіп ашушыларға өз өнімдерін, сапалы түрде халыққа ұсыну үшін және өз ісіне сенімді болу үшін Ойыл аудандық Ұлттық сараптама орталығына келіп, келісім шартқа отыруларына кеңес береміз.

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА,
Ойыл аудандық Ұлттық сараптама орталығы басшысы

«ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» ТІЛДІК САЯСАТТЫҢ ОҢ НӘТИЖЕСІ

БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДЕ «ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» САЯСАТЫНАН БӨЛЕК, ЕЛІМІЗДЕГІ ӨРБІР ҰЛЫС ӨЗ ТІЛДЕРІН ЕРКІН МЕНГЕРІП, ӨЗ ТІЛДЕРІНДЕ СӨЙЛЕЙ АЛАДЫ. ӨРБІР ҰЛТТЫҢ ӨЗІНІҢ АНА ТІЛДЕРІНДЕ ЕРКІН СӨЙЛЕУІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ. БІЗ ОСЫНДАЙ ДЕМОКРАТИЯНЫҢ АРҚАСЫНДА ҒАНА ӨЛЕМГЕ ТАНЫЛЫП, ЖЕР ЖҮЗІНДЕ БЕЙБІТШІЛІК ҮСТЕМДІГІН ЖАСАЙ АЛАМЫЗ. БИЛІК ҮШ ТІЛДІ ҮЙРЕНУ, ҚОЛДАНУ АЯСЫН БІР СЫЗЫҚТЫҢ БОЙЫНА ЕМЕС, ҮШ СЫЗЫҚҚА, ӨРҚАЙСЫСЫНЫҢ ӨЗ ОРНЫН КӨРСЕТЕТІН САЯСАТ ЖҮРГІЗІП, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ БІРІНШІ БОЛЫП ДАМУЫН ҚАДАҒАЛАЙДЫ. БҰҒАН ЕШҚАНДАЙ КҮМӨН БОЛМАУЫ КЕРЕК. ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ АРҚЫЛЫ ҒАНА ҚАЗАҚСТАН ТІЛДІК САЯСАТТЫҢ ОҢ НӘТИЖЕСІ КӨРЕ АЛАДЫ. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ ЖҮМЫС БАБЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТІЛГЕ, БАСШЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНЕ АЙНАЛУЫ ҮШІН БИЛІК АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТІП КЕЛЕДІ.

Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі қоғамдық өмірдің аса маңызды мынадай салаларында жүзеге аса береді: басқару, ақпарат, білім беру мен тәрбие ісі, ғылым мен техника; қоғамдық ғылымдар, жаратылыстану мен нақты ғылымдар, техникалық және қолданбалы ғылым, экономика салаларында, ғылымның жалпыға ортақ салаларында, бұқаралық ақпарат құралдары саласында, іс жүргізу саласында; мемлекеттік, қоғамдық-саяси, мәдени мекемелер мен ұйымдарда; дене тәрбиесі, спорт, туризм, денсаулық сақтау мен емдеу мекемелерінде; қоғамдық тамақтандыру орындарында; өнер мекемелерінде (театр, кино); дипломатиялық қарым-қатынаста; ескери-патриоттық тәрбие

және білім беру ісінде; шаруашылық жүргізу және ұйымдастыруда; өндіріс және өнеркәсіп орындарында; Қазақстан Республикасында өтетін республикалық, халықаралық құрылтай, конференция, мәжіліс, жиындар т.б. Сонымен, қазақ тілі – дәстүрлі, тұрақты, қатаң тілдік нормасы бар, стилдік тармақтары сараланған, жалпы халықтық тілден ұлттық деңгейге көтеріліп, мәңгілік тілге айналады. Тағы қайталап айту керек, «Үш тұғырлы тіл» саясаты мемлекеттік тілді өшіруді емес, өсіруді, дамытуды көздейді.

Ақсаулет КЕРЕЕВА,
Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің жетекші маманы,

ӨРТТЕН САҚ БОЛАЙЫҚ!

Өрт - бұл адам өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке, қоршаған ортаға зиян келтіретін заттардың бақылаусыз жануы.

Орман өрттері үлкен жағдайда өрі тез тарайды және жердің орасан аумағына зиян келтіреді.

Өрт себептері:
- найзағай, ауаның ыстық ағымы, қуаншылық, қасақана от қою, Орманға келушілердің жауапсыздығы арқылы болады.

Зардаптары:
- Орман өрттері су тасқыны мен лай көшінінің ықтималды қауіптілігін күшейтеді.
- Өрт кезіндегі түтін қоршаған орта мен адам денсаулығына зиян келтіреді.

- Ағаштың, өсімдіктердің, көрікті жерлердің және су қоймаларының қорын жояды.

- Демалыс орны мен туризм аумағын тарылтады.

Жазғы демалыс маусымында орманға келушілерге үлкен сұраныс - қоршаған ортаға зор жауапкершілікпен қарауды өтінеміз.

ҚР 2003 жылы 8 шілдедегі Орман кодексінің 63 бабы 2 тармағына сай табиғи орманға қасақана өрт пен жауапкершіліксіз көзқарас үшін арнайы шаралар қолданылатынын ескертеміз.

Орман өрт сөндіру станциясының бастығы, Ербол РЗИН.

COVID-19-ҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯЛАУДЫҢ ҚАРСЫ КӨРСЕТІМДЕРІ ҚАНДАЙ?



18 ЖАСҚА ТОЛМАСАҢЫЗ



дәрігердің МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУІНЕН өтпесеңіз




ЖҮКТІ ЖӘНЕ БАЛА емізетін әйел болсаңыз



СІЗДЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚАРСЫ КӨРСЕТІЛІМДЕР БОЛСА.



ЕКПЕГЕ ДЕЙІН 2 АПТАНЫҢ ІШІНДЕ ЖӘНЕ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ КЕЗІНДЕ ЖРВИ-мен ауырған болсаңыз



ЖІТІ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ емес ауру деген диагноз қойылса



Вакцинациялау кезінде дене қызуыңыз 37°C-тан жоғары болса



СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАРЫҢЫЗ ЖӘНЕ АЛЛЕРГИЯЛЫҚ реакция асқынса

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ



Мен, «23 маусым – Мемлекеттік қызметші күні» қарсаңында, Ойыл ауданындағы ең тәжірибесі көп мемлекеттік қызметші ретінде емес, осы саладағы жасы үлкен мемлекеттік қызметшілердің бірі ретінде өз ойымды жеткізіп келеді. Өйткені, еліміздің кең қанатта дамуы мемлекетіміздегі мемлекеттік қызметке тікелей байланысты. Адамдардың жақсы өмір сүруіне қажетті қандай да болсын істердің дұрыс бағытта өрбуі үшін, ол істерге өрі үйлестіруші, өрі денекерші сала болуы керек. Сол сала мемлекеттік қызмет деп санаймын. Елімізде осы үйлестіруші салаға аса мән беріліп 1999 жылы мемлекеттік қызмет туралы Заң қабылданды. Бұл Заң 2015 жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» деген атпен егжей-текейлі ойластырылып қайтадан қабылданды. Мемлекеттік қызметшінің мәртебесі, құқығы, міндеттері, өдебі, қызметке кіруі, оқытуы, жауаптылығы және бас-

қалары туралы осы Занда айтылған. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің ең негізгі қағидаттарының бірі **Заңдылық**. Сондықтан, мемлекеттік қызметке алғаш рет кірер кезде конкурста түсетін өрбір үміткер белгілі Заңдарды білу деңгейінің арнайы тексеруінен өтеді. Дана тұлғалардың айтқанында «Заңы жоқ мемлекет өзінен-өзі құриды» деген ұғымды сөздер бар. Өз қызметіндегі тәжірибемнен түйгенім «Заңдар» егжей-текейлі, әсіресе ғылыми жағынан мұқият зерттеліп қабылданып, бұлжытпай орындалатын болса, қай мемлекет болсын, елді-мекен болсын алға қарай қарыштап дамуы күмәнсіз. Осы сапалы «Заңдарды» әзірлеушілер де, жүзеге асырушылар да саяси және мемлекеттік қызметшілер. Өкінішке орай, тағы да өз тәжірибемнен көріп жүргенімдей, көпшілік мемлекеттік қызметшілер Заңдылықтарға сүйенгеннен гөрі хаттамалық тапсырмаларға немесе өз түйсіктеріне сүйеніп жұмыс жасағанды жөн санайды. Өз қызметінің кәсіпқойы болуы үшін нағыз сол салаға сай Заңдарды көбірек оқып, оларды жұмыс тәжірибесінде пайдалана білу керек. Мысалы, біздің, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың негізгі Заңы – Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы.

Мемлекеттік қызметтің екінші негізгі қағидаты «Қазақстандық патриотизм». «Бір күн тұрсаң да тұрған жеріңнің патриоты бол» деген жақсы сөздер бар. Өрбір Қазақстан азаматы, соның ішінде өрбір мемлекеттік қызметші Елімізге ерекше құрметпен қарап, өздеріне «Заңдармен» жүктел-

ген масаттар мен міндеттерді аса жауапкершілікпен қараса нұр үстіне нұр болар еді.

Үшінші негізгі қағидат **мемлекеттік биліктің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы**. Бұл қағидат та негізгі рөлге ие. Өйткені, үш биліктің үшеуі үш жаққа тартып тұрса нәтижелі жұмыс болмайтыны айдан анық. Әсіресе, заң шығарушылар Заңдардың нәтижелі жұмыс жасауы үшін атқарушы органдармен тығыз байланыста болып, олардан түскен орынды ұсыныстардан уақытында өзгерістер жасап отырулары хақ.

Басқа да қағидаттар туралы айта беруге болады, олар 20 тармақшадан тұрады, бірақ, оқырманды жалқытырмағ үшін негізгі қағидаттарға тоқталғанды жөн көрдім.

Мен, өз еңбек жолымда негізінен екі мемлекеттік мекемеде, орталық аудандық ауруханада (12 жыл) және аудандық мөлхихат аппаратында (16 жыл) еңбек еттім. Соңғысы мемлекеттік қызмет, әсіресе осы мемлекеттік қызметте туған жеріме, өзім жақсы көретін халқыма пайда келтіру мүмкіндігі көбірек деп ойлаймын және осы қызметке ауысқаным өкпінбеймін.

Сезімді қорыта келе еліміздегі аса жауапты мемлекеттік қызметке ауданымыздағы санасы мен білімдері жоғары азаматтардың, соның ішінде саналары Кеңестер Одағының келеңсіз жақтарымен уланбаған жастар көбірек ұмтылса деймін.

Мырзасар ДОСОВ,
Ойыл аудандық мәслихатының аппарат басшысы.

kazinform

ВАКЦИНАЦИЯЛАУДЫҢ АЛДЫНДА АНТИДЕНЕЛЕРГЕ ТЕСТ ТАПСЫРУ КЕРЕК ПЕ?

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫМАРЫНА СӘЙКЕС, КВИ-ге қарсы вакцинациялау алдында антиденелерді анықтау үшін ИФА зерттеуін жүргізу қажет емес

АТАЛҒАН ИНФЕКЦИЯМЕН АУЫРҒАН АДАМДАРДЫ КВИ-ге қарсы вакцинациялау аурудан жазылғаннан кейін 6 ай өткен соң, антиденелерге скринингсіз денсаулық жағдайын ескере отырып жүргізу ұсынылады.

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ ҚАНДАҒЫ АНТИДЕНЕЛЕРДІ «ҚОРҒАНЫШ» ДЕНГЕЙІН КӨРСЕТЕТІН БІРДЕ-БІР НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТ ЖОҚ. Яғни, клиникалық жағынан айқындалатын ауыру қаупі жоқ. Осыған байланысты, вакцинациялау алдында антиденелердің деңгейін анықтау арқылы ақпарат алуға болмайды.

«ҚАЗАҚТАРАТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ 2021 ЖЫЛ WWW.INFORM.KZ МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2021 ГОД ДІЗ САМЕТОВ Ж